

1

1. 1492 жылы Христофор Колумб басқарған экспедиция қай елден Үндістанға баратын жолды ашу үшін саяхатқа аттанды?

2

2. Өз тілінде «Нихон» яғни «Күн» және «Негіз» деп аталатын елдің атауы екі иероглифпен жазылады. Бүкіл әлем «Күн шығыс» елі деп танитын ел?

3

3. 200-ден астам жанартауларымен, гейзерлерімен және мұздықтарымен танымал «Мұз бен от елі»?

4

4. Қалталы құбыжық атты жануар кездесетін, голландық теңіз саяхатшысының есімімен аталатын арал?

5

5. Ең құрғақ аймақ деп есептелетін және «вилли-вилли» шаңды дауылы соғатын ел?

6

6. Ежелгі Соғды мемлекетінің, кейіннен Әмір Темір иелігінің астанасы болған, 25 ғасыр бұрын негізі қаланған көне, тарихи қала Самарқанд орналасқан ел?

7

7. Ла-Плата ойпатында орналасқан елдің батысында шекараласатын мемлекет?

8

8. Африка құрлығындағы тек бір елмен шектесетін және елдің ішінде орналасқан ел?

9

9. Жер бетінде өте аз қалған малагасий халқы мен өте сирек түр ай-ай лемуры кездесетін арал?

**10**

10. Дүниежүзіндегі ең ұзын талшықты мақта өсіретін және пирамидаларымен әйгілі ел?

**11**

11. Бір елмен екі рет шектесетін ел?

**12**

12. Әлемдегі ең суық астана орналасқан мемлекет?

**13**

13. Ең көп ұлтты ел?

**14**

14. Кофенің, қарабидай мен тарының отаны, кофе атауы осы елдегі Кафра деген жер атауына байланысты шыққан мемлекет?

**15**

15. «Жасыл жер» деген мағына беретін арал ?

**16**

16. Құрлықта бес елмен және ең үлкен көлмен шектесетін мемлекет?

**17**

17. Үндіқытай түбегінің шығысындағы ел?

**9**

18. Салмағы үш келіге жететін алып голиаф бақасы мекендейтін және өзі аттас жанартау орналасқан Африканың батысындағы ел?

**19**

19. Кіші Азия түбегінде  
орналасқан ел?

**20**

20. Әйгілі «Boeing» ұшақтарын  
шығаратын ел?

**21**

21. Материктің орталық  
бөлігіндегі көк-жасыл  
спирулина балдыры өсетін  
тұйық көл аттас мемлекет?

**22**

22. Өзі аттас шығанақтың  
батысында орналасқан  
мемлекет ?

**23**

23. Ең ұзын сызықтың  
бойында, орналасқан сызық  
аттас ел ?

**24**

24. Рақымжан Қошқарбаев ту  
тіккен ел?

**25**

25. Ең ыстық материктегі өзі  
аттас түбекте орналасқан  
мемлекет ?

**26**

26. Ең үлкен ойпат орналасқан  
мемлекет ?

**27**

27. Ең үлкен түбектің 80 %  
жерін алып жатқан ел?

Дұрыс жауаптары:

- |                |                   |
|----------------|-------------------|
| 1. Испания     | 16. Қазақстан     |
| 2. Жапония     | 17. Вьетнам       |
| 3. Исландия    | 18. Камерун       |
| 4. Тасмания    | 19. Түркия        |
| 5. Аустралия   | 20. АҚШ           |
| 6. Өзбекстан   | 21. Чад           |
| 7. Чили        | 22. Мексика       |
| 8. Лесото      | 23. Эквадор       |
| 9. Мадагаскар  | 24. Германия      |
| 10. Египет     | 25. Сомали        |
| 11. Канада     | 26. Бразилия      |
| 12. Моңғолия   | 27. Сауд Арабиясы |
| 13. Үндістан   |                   |
| 14. Эфиопия    |                   |
| 15. Гренландия |                   |